

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 719 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ержан Сапарбекұлы Сәденовке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 719 қаулысымен
мақұлдаған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі

достық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамытуға ниет білдіре отырып,

қылмысқа қарсы күрес саласындағы және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі екі жақты ынтымақтастықты дамытуға үлес қосуға ниеттене отырып,

қылмысқа қарсы күрес саласындағы және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ынтымақтастықтың және оны іске асыру, сондай-ақ екі Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары арасындағы ынтымақтастық деңгейін арттыру үшін қажетті шаралар қабылдаудың маңыздылығына көз жеткізе отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Ынтымақтастық салалары

Тараптар осы Келісімнің ережелері және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары шеңберінде қылмысқа қарсы күресте және қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жалпы және атап айтқанда, мынадай қылмыстарға қарсы күресте ынтымақтасады:

- 1) ұйымдасқан қылмыс;
- 2) терроризм, экстремизм, террористік және экстремистік қызметті қаржыландыру;
- 3) Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігіне қол сұғатын қылмыстар;
- 4) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымы;
- 5) атыс қаруының, оқ-дәрінің, жарылғыш заттар мен әскери жабдықтың заңсыз айналымы;
- 6) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдаланылып жасалатын қылмыстар;
- 7) экономикалық қылмыстар және қылмыстық жолмен алынған ақшаны жылыстату;
- 8) сыбайлас жемқорлық қылмыстар;
- 9) адам саудасы;
- 10) жезөкшелікке, оның ішінде балалар зинақорлығына және порнографияға байланысты қылмыстар;
- 11) заңсыз көші-қон;
- 12) жалған ақша немесе ресми құжаттар жасау немесе өткізу;
- 13) экологиялық қылмыстар;
- 14) тауарларды, оның ішінде мәдени және тарихи құндылығы бар тауарларды ұрлауға және контрабандасына байланысты қылмыстар.

Тараптардың келісімімен ынтымақтастықты қылмыстың басқа да түрлеріне қарсы күресте қолдануға болады.

2-бап

Ынтымақтастық нысандары

Тараптар өздерінің арасында жалпы қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру мақсатында және өздерінің құзыретті органдары қызметінің функционалдығын арттыру үшін:

- 1) осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қылмыстар бойынша жарияланымдармен және ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен алмасуға;
- 2) ғылыми және техникалық даму саласында және персоналды оқытуда көмек алмасуға;
- 3) оқу курстарын, семинарлар мен ғылыми конференциялар өткізуге;
- 4) қылмысқа қарсы күрес саласында тәжірибе алмасуға ұмтылады.

3-бап

Ақпарат алмасу

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары мен қағидаларына сәйкес осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қылмыстар бойынша айыпталушы адамдар,

хабар-ошарсыз кеткен немесе өздеріне қатысты шығарылған сот үкімдеріне (сот шешімдеріне) сәйкес жазалануға тиіс адамдар жөнінде ақпарат алмасады.

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында аталған екі Тарап мемлекеттерінің аумақтарында дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстарға байланысты қажетті ақпарат алмасады.

4-бап

Ақпарат сұрату

1. Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптардың құзыретті органдарының сұрау салулары негізінде жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген сұрау салу сұрау салынатын Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда жіберіледі және поштамен, факсимильді байланыспен немесе басқа да кез келген келісілген жолдармен жіберіледі.

3. Сұрау салуда оны орындауға қажетті мәліметтер болуға тиіс, қол қойылуға және сұрау салушы Тарап мемлекетінің құзыретті органының мөрімен бекітілуге тиіс.

4. Шұғыл жағдайда мұндай сұрау салу ауызша жасалуы мүмкін және 48 (қырық сегіз) сағат ішінде дереу жазбаша расталуға тиіс.

5-бап

Сұрау салуды орындаудан бас тарту

1. Сұрау салу сұрау салынатын Тарап мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе мүдделеріне қауіп төндіруі ықтимал жағдайларда немесе егер мұндай сұрау салуды орындау сұрау салынатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына немесе өз мемлекеті қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар бойынша міндеттемелеріне қайшы келсе, осы Тараптың құзыретті органы мұндай сұрау салуды орындаудан бас тарта алады.

2. Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің құзыретті органдары сұрау салатын Тарап мемлекетінің құзыретті органдарын сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тарту немесе кейінге қалдыру туралы немесе оны ішінара орындау туралы дереу хабардар етеді.

6-бап

Кездесулер өткізу

Тараптар қажет болған жағдайда осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі мәселелерді талқылау үшін бірлескен отырыстар өткізе алады.

7-бап

Құзыретті органдар

Осы Келісімді орындауға Тараптар мемлекеттерінің мына құзыретті органдары жауапты:

Қазақстан Республикасынан:

1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

- 2) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;
- 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
- 4) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет);
- 5) Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі;
- 6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі;

Қатар мемлекетінен:

Қатар Мемлекетінің Ішкі істер министрлігі (Халықаралық ынтымақтастық департаменті).

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісімге сәйкес өздерінің ресми атауларының немесе функцияларының өзгергені туралы дипломатиялық арналар арқылы бірін-бірі дереу хабардар етеді.

8-бап

Шығыстар

Осы Келісімді орындауға байланысты шығыстарды Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде өздері көтереді.

9-бап

Ақпараттың құпиялылығы

Сұрау салушы Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес екінші Тараптан алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді және оны жазбаша келісімсіз үшінші тарапқа беруден, тіпті осы Келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан кейін де тартынады.

10-бап

Басқа келісімдермен өзара байланыс

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

Ынтымақтастық тілі

Осы Келісім шеңберіндегі Тараптар арасындағы ынтымақтастық ақпарат пен құжаттаманың ағылшын тіліндегі аудармасы қоса беріле отырып, Тараптардың мемлекеттік тілдерінде жүзеге асырылады.

12-бап

Даулар

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

13-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

14-бап

Қорытынды ережелер

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Келісім 5 (бес) жыл бойы қолданылады, ол өткен соң оның қолданысы Тараптардың бірі ағымдағы кезең аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай қалғанда екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы оның қолданысын тоқтату жөніндегі өзінің ниеті туралы хабарлама жібергенше автоматты түрде осындай кезеңдерге ұзартылады.

20__ жылғы " __ " _____ (хижра бойынша 143__ жылғы " __ " _____ сәйкес келеді) _____ қаласында әрқайсысы қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндер бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады.

Осы Келісімнің мәтіндері арасында алшақтық болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Қатар Мемлекетінің Үкіметі үшін